



PHILOLOGICAL FIELD/ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ/
ФИЛОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

Turkic languages/ Түркі тілдері/ Тюркские языки

Article

Қазақ тілі белсенді лексикасында сақталған көне түркі есімше жұрнақтары¹

М.Е. Әділов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: marlenadilov88@gmail.com)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
түркі тілдері,
көне түркі
ескерткіштері,
-асы/-есі, ашақ/
ежек, -аған/-еген
есімше аффикстері,
лексикалану,
форма түзуші
-мыш жұрнағы,
қыпшақ тілдеріндегі
өнімсіз жұрнақтар,
субстантивтену.

FTAMP 16.21.41

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-139-158>

АННОТАЦИЯ

Қазіргі қазақ тілінде қазақ тілінің грамматикалық нормаларына тән емес, бірақ көне түркі тіліне және қазіргі кейбір түркі тілдеріне тән морфологиялық формалар кездеседі, олардың қатарына *-асы*, *-аған*, *-ажак*, *-арман* есімшелік тұлғалар кіреді. Мақалада осы форма түзуші аффикстердің қолданыс тарихы және кейбір жағдайларда олардың түркі тілдерінде лексикалануы ескеріле отырып, «-мыш» аффиксінің фонетикалық тұлғалары мен семантикасының даму тарихына назар аударылады. -Мыш тұлғасы *-bis* (-быс), *-bit* (-быт) деген ежелгі праформадан бастау алады, соңғысы якут тілінде сақталған. Көне түркі тілінде -мыш жұрнағы белгісіздікті білдіретін бұрынғы өткен шақ мағынасын үстеп, руникалық ескерткіштер мен ерте орта ғасырлардағы түркі жазба мұраларында белсенді қолданылған. Тарихи даму процесінде *-miş* аффиксі кейінгі орта ғасырлар мен қазіргі түркі тілдерінде есімше немесе етістіктен есімдену процесіне өтіп, субстантивтенеді. Бұл процесс қыпшақ тілдер тобында, әсіресе қазақ тілінде көрініс тапты. Ал оғыз тілдерінде «-мыш»-тың грамматикалық мағынасы сақталып, аффикс өткен шақ және есімше қызметінде өнімді морфологиялық форма болып жұмсалуда. Қазақ тілінде аффикс өнімсіз жұрнақтар қатарына кіреді, дегенмен ол *жазмыш*, *аталмыш*, *озмыш* секілді түбірі бөлек ажыратыла бермейтін, бұрыннан қалыптасқан сөздердің құрамында кездеседі. Сонымен қатар, қазақ тілінде заттанып, есім тудырушы сөзжасамдық аффиксіне айналды: *тұрмыс*, *болмыс*, *қылмыс*, *оқымысты*. Мұнымен бірге белгісіздікті білдіретін өткен шақ қызметінде *айтыпты-мыс*, *барыпты-мыс*; *көріпті-міс* мысалдарындағы *-мыс* тұлғасын көне түркі тілінің қазақ тіліндегі элементі деп қарастыруға болады.

Received 03 January 2024. Revised 10 January 2024. Accepted 06 August 2024. Available online 30 September 2024.



Дәйексөз үшін: М.Е. Әділов Қазақ тілі белсенді лексикасында сақталған көне түркі есімше жұрнақтары // Turkic Studies Journal. 2024. Т. 6. № 3. 139-158 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-139-158>

For citation: M.A. Adilov Ancient Turkic participle affixes preserved in the active vocabulary of the Kazakh language // Turkic Studies Journal. 2024. Vol. 6. No 3. P. 139-158. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-139-158>

¹ Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP23487260 – Алаш қайраткерлері және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің тарихы» жобасы аясында жазылды.

Кіріспе

Кейбір түркі тілдерінде белсенді қолданылатын сөздер, өзге түркі тілдер тобында пассив сөздер болып сақталады немесе семантикалық жағынан өзгеріп жұмсалады. Тек етістіктерді мысал ретінде айтар болсақ, *ұқсату, қарау, бұрылу, өту, түсу, ренжу* секілді қазақ тіліне тән етістіктер оғыз тілдерінде *бензетмек, бакмак, дөнмек, гечмек, инмек, күсмек* деген синонимдік нұсқаларымен айтылады. Дегенмен осындай қазіргі түрік тіліндегі етістіктер қыпшақ тілдерінде мүлдем кездеспейді деген қорытынды шығаруға болмайды, олар қазақ тілінің пассив қабатында кездесіп қалуы ғажап емес. Оғыз тілдер тобындағы жоғарыдағы етістіктер тілімізде *меңзеу, бағу, төну, кешу, ену, күсу* түрінде сақталған я болмаса мағына жағынан өзгерген. Мысалға айтар болсақ, *өту* етістігі қыпшақ тілдерінде белсенді болса да, оғыз тілдер тобына тән *кешу* етістігі мағыналық реңкі өзгерген, *суды кешпе, кешіп өт, күнәні кешіп* тіркестерінде сақталған. «Ренжу» мағынасындағы *күсу* етістігі әдеби тілде белсенді жұмсалмаса да Абай шығармаларында 5 рет қолданылған (Kurmanbaiuly et al, 2023: 315). Сондықтан оғыз тобындағы жиі жұмсалатын сөздер басқа түркі тілдер тобында кездеспейді деген түсінік туындамауы қажет. Түрік, әзербайжан, түрікмен тілдері секілді оғыз тілдер тобындағы белсенді сөздер қазақ тілінің говорларында, тұрақты тіркестерінің құрамында, мақал-мәтелдерінде сақталады немесе мағына жағынан өзгеріп жұмсала береді. Мәселен, оғыз, қарлұқ және кейбір батыс қыпшақ тілдеріндегі «мұрт» мағынасындағы *быйық* сөзі қазақ тілінде *миығынан күлді* (Kurmanbaiuly et al, 2021: 153) идиомасында сақталған. «Түн» мағынасында көне түркі тілінде *кече* сөзі қолданылып, қазір ол оғыз тілдерінде әлі сол формасында айтылады, ал қазақ әдеби тілінде ол тек *кеш* нұсқасында ғана сақталған, ал *кеше* «алдыңғы күн» деген семантикаға ауысқан. Әдеби тілде «түн» мағынасындағы *кеше* сөзі жоқ болса да, Қыз Жібек эпосында *Айдың өткен нешесі, Ай қараңғы кешесі* деген жолдар бар. Мұндағы *кешесі* сөзі – «бұдан бір күн бұрын өткен күн, яғни кеше» деген мағынадағы сөз емес, көне түркі жазба мұралары мен орта ғасыр ескерткіштеріндегі *кечә/кече* сөзі «түн» мағынасын білдірген (Сыздықова, 2014: 100).

Түркі тілдер тобына тән түрлі ерекшеліктер тек лексикада емес жұрнақтарда да көрінеді, әсіресе есімше қосымшалары бір тілде белсенді жұмсалса, екіншісінде пассив қабатта кездеседі. Мәселен, қыпшақ тілдеріндегі *-ған, -атын* жұрнақтарының орнына оғыз тобы тілдерінде *-мыш* және *-асы, -ажасқ* қосымшалары жиі жұмсалады (Muhammed, 2022: 9).

Тіпті қазақ тіліндегі түбір күйінде айтылмайтын туынды етістіктер туыстас тілдерде бастапқы формасында қолданылады. Тіліміздегі *секіру, үрлеу, қайту, сақтану, бүлдіру, қартаю* деген мысалдардың туынды етістік екені олардың туыстас тілдерде және көне ескерткіштерде *сек-, қай-, үр- сақ-, бұл-, қары-* сияқты түбір күйінде жазылатынынан аңғарамыз: *секті, айдым, үріп, сақын, бүлдүм, қарыды*. Әрине, бұлар түбір күйінде қазақ әдеби тілінде кездеспесе де, ауыз әдебиеті мұраларында, сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерде сақталады, мысалы: *секең-секең етті* қос сөз осы *сек-* түбірінен келгені

анық. «Кет» деген мағынадағы *қайқай* етістігінде де *қай*- тұлғасында көрінген. *Аузы күйген үріп ішеді, үріп ауызға салғандай* дегенде үрлеп емес, көнеше *үріп* деп тіркелген. Шалкиіз жыраудың «Дұшпаныңнан бір сақын, достарыңнан мың сақын» деген өсиетінде сақтан етістігі *сақын* (сақтаныңыз) күйінде қолданылған. *Озбыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бүледі* деген мақалда және *Біздің ер Исатай өлген күн / Он сан байтақ бүлген күн* деген жолдарда қазіргі тіліміздегідей *бүліну* немесе *бүлдіру* түрінде емес, бастапқы көне формасында жазылған. *Атты арығанда көр, жігітті қарығанда көр* дегенде де «-т» жұрнағынсыз бастапқы формасында сақталған. Осындай тілдік салыстырулар арқылы да белгілі бір мөлшерде сөздердің этимологиясын да анықтауға болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада түркі тілдеріндегі жұрнақтар мен сөздердің түп-төркіні талданатын болғандықтан, ең алдымен түркітану ғылымындағы кеңірек таралған тарихи-салыстырмалы немесе синхроникалық және диахроникалық әдістері басшылыққа алынады.

Негізгі материалдар ретінде орыс, қазіргі түрік және қазақ тілінде жазылған түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы оның ішінде, тарихи морфология мен салыстырмалы лексикология кітаптарына жүгініледі. Сонымен қатар, Абай шығармаларының жаңа академиялық жинақтары мен қолжазбалары пайдаланылады. Түркі тілдерінің жеке сөздіктері, этимологиялық еңбектері қаралады. Қазақ грамматикасына қатысты қазақ және өзге түркі тілдес әрі көрші елдер ғалымдарының еңбектері назардан тыс қалмайды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

-*Мыш* және тағы басқа көне түркі тіліне тән жұрнақтардың шығу тегі мен функциясын қазақ әдеби тілінің тарихы, тарихи грамматика, тіл тарихын зерттеген ғалымдар өз еңбектерінде талдап көрсеткен. Атап айтқанда, Сәрсен Аманжолов «Вопросы диалектологии и истории казахского языка», Рабиға Сыздық «Абай шығармаларының тілі», Шора Сарыбаев «Қазақ диалектологиясы», Сейілбек Исаев «Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы», Ербол Жанпейісов «Қазақ прозасының тілі», Бабаш Әбілқасымов «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі», Ахмеди Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі», Мархабат Томанов «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» т.б. ғалымдардың еңбектерінен *-мыш* есімшесінің тарихына қатысты мәліметтер табамыз. Зерттеушілер есімшенің «-мыш» формасын көне түркі тіліне тән қосымша және қазақ тілінде белсенді қолданылмайтын говорлық ерекшелік деп таниды. Ғалымдардың өз зерттеулеріндегі тұжырымдары төмендегідей көрініс табады:

«Қазақ сөйленістерінде сирек айтылатын есімшенің *-мыш*, *-миш* жұрнағы – Қостанай облысында сақталып қалған тұлға. Мысалы: Ыбырай көп оқып, көп көрміш. Бұл форма көптеген түркі тілдерінде, тіпті М. Қашғаридің сөздігінде де кездеседі (Сарыбаев, 2018:

55). «мыс, міс, мыш, піш көне формалары кейбір сабақты етістіктерге ғана жалғанып, олардан конкретті зат атауларын жасаса, кейбір салт етістіктерден абстракт зат есімдер тудырады. Мысалы: *тарамыс, қылмыс, болмыс, жазмыш, тұрмыс*» (Ысқақов, 1991: 156). Академик ғалым Р. Сыздықова «Абай шығармаларының тілі» атты сүбелі еңбегінде «-мыш» есімшесін «Кітаби тілдік морфологиялық тәсілдер» деген тараушасында арнайы талдап, оны шағатай ортақ әдеби тілінің элементі деген қорытындыға келеді: «Өткен ғасырдағы қазақ баспасөзінің ресми бөлімінде және ішінара Абай прозасында қолданылған -мыш аффиксті тұлға кітаби тілден ауысқан. Ал «шағатай» тілінде бұл форма көбінесе есімше ретінде қолданылған» (Сыздықова, 2014: 284). Н. Сауранбаев та қазақ диалектілердегі «-ған» есімшесінің орнына -мыш қосымшасының қолданылуы шағатай, яғни кітаби тілдің әсері деп таныған: «Во многих районах Кустанайской области довольно последовательно употребляется древняя причастная форма на -мыш, например *жетілміш/жетілген* достигший, *жазылмыш/жазылған* написанный, *айтылмыш/айтылған* сказанный, *таңданмыш/таңданған* удивленный. Нам кажется, что употребление аффикса -мыш вместо -ған объясняется влиянием книжного языка» (Сауранбаев, 1955: 50).

Б. Әбілқасымов та бұл жұрнақтың XIX ғасырдың екінші жартысында жиі қолданылғанын ескерген және мысалдарынан кітаби тілдің элементтері екені аңғарылады: «XIX ғасырдың екінші жартысындағы жаңа жазба әдеби тілінің кейбір жазба нұсқаларында есімшенің бірінші атрибуттық қызметіндегі «-ған» жұрнағының орнына «-мыш» қосымшасы қосылған нұсқасының да кездесетінін көреміз. Бірақ бұл баспа нұсқалардың барлығында емес, кейбірінде, атап айтсақ, Дала уәләятінің газетінде кездеседі: Үшбу бабдағы башында *йазұлмыш* екі дағуаны сиез билері бітіредүр; Қазақ әйелдерінің ерге чыққандан кейін *көрміш* ғұмырлары (Әбілқасымов, 1982: 104). М. Томанов оны оғыз тілдеріне тән қосымша екенін жазады: «-мыш» тұлғасы өзінің бұрынғы мағынасында қазіргі оңтүстік-батыс тілдерінде ғана сақталған. Қазіргі түркі тілдерінде «-ған» мен «-мыш»-тың қолданылуы белгілі бір жүйені байқатады. -мыш тұлғасын қолданатын тілдер -ған тұлғасын айтпайды да, «-ған» тұлғасы актив тілдер «-мыш» тұлғасын қолданбайды (Томанов, 1988: 229). Есет Жұбанов «Кейбір грамматикалық тұлғалардың халық поэзиясындағы қолданысы» және «О некоторых лексико-грамматических особенностях языка эпоса» атты мақалаларында «-мыш» есімшесінің эпостардағы қолданысына ерекше тоқталады (Жұбанов, 1975: 116).

Қазақ ғалымдарының «-мыш» есімшесін жеке тақырып ретінде алмағанмен, еңбектерінде осыған жиі шолу жасап, тоқталғаны аңғарылады. Ортақ қорытынды ретінде оның қазақ әдеби тіліне тән емес, көне түркі тіліне, оғыз тілдеріне немесе кітаби тілге жататындығы тұжырымдалған.

Совет түркологтары ертерек кезеңде-ақ «-мыш» есімшесіне арнайы мақалалар арнаған. Мысалы, Н. Дмитриевтің «К вопросу о значении основной глагольной формы на «мыш» атты мақаласы 1926 жылы шықса, А. Кононовтың «Турецкая глагольная форма на «мыш» деген зерттеу жазбасы 1939 жылы жарияланған (Жұбанов, 1975: 124). Бертін

келе Тенишевтің редакторлығымен шыққан және Серебренников пен Гаджиеваның «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» атты көлемді еңбектерінде «-мыш» жұрнағының тарихы және қай тілдерге тән екендігі талданған.

Талдау

Тіліміздегі сөздер құрамында қазіргі қазақ тіліне сай жұмсалатын өнімді жұрнақтарымен бірге, көне түркі тілінің элементтері де кездеседі. Жұрнақтар да сөздер секілді тарихи даму барысында бір тілде сақталып немесе келесі бір тілдік топтарда қолданыстан ығысады. Демек, қазақ тіліндегі ескіліктер өзге түркі тілдерінде белсенді сөз болып сақталғандай, тіліміздегі кейбір көне жұрнақтар түркі тілдерінде өнімді сөз тудырушы жұрнақтар болып жұмсалады. Басқа түркі тілдеріндегі белсенді қосымшалар бізде «өнімсіз жұрнақ» болып сақталған, мысалы *аласы, бересі, келесі, берешек, қылмыс, жеміс*, т.б. мысалдарындағы қосымшалар тілімізде өнімді жұрнақтар емес, олар сөздің құрамында сақталып қалған. Сондықтан мұндай зерттеулерде түркі тілдері деректерімен салыстырып, қазақ тілінде бұрыннан қалыптасқан төл сөздердің құрамын зерттеу маңызды. Бұл туралы Тарихи грамматика оқулықтарының кіріспе тарауларында да айтылады: «Тілдің морфологиялық құрылымының тарихи дамуы оны туыс тілдер материалдарымен, тілдік тарихи ескерткіштер фактілерімен салыстырып зерттеу арқылы ғана емес, сол тілдің өз құрамында қалыптасқан тілдік элементтерді зерттеу арқылы да ашылады» (Томанов, 1988: 92).

Көне жұрнақтар тілден толық шықпаса да белгілі бір сөздердің құрамында сақтала береді. Оларды «өлі» немесе «өнімсіз жұрнақтар», тіпті «қалдық формалар» деп анықтайды. Қ. Жұбанов оны «өлі қосымша» деп атап, *ертең, жоңқа, соңра* сөздерінде сақталған *-ң, -ра, -қа* жұрнақтарын осы сөздерден бөліп, басқа сөздерге жалғау мүмкін болмағандықтан солай атаймыз деп көрсетеді (Жұбанов, 1966: 154). Олай атайтын себебі, бұл қосымшалар сөз тудырушы жұрнақ ретінде белсенді жұмсалмай, түбірі ажыратыла бермейтін сөздер құрамында сақталады. Мысалы, жоғарыдағы *соңра* шылауы құрамындағы «-ра» жөн-бағыт білдіретін жұрнақ қызметінде көне түркі тілінде қолданылып (*ичре* (ішке), *ташра* (тысқа), *асра* (астыға), қазіргі қолданыстан ығысып, тек осындай бір-екі мысалда ғана сақталған. Сондықтан морфологиялық элементтердің дамуын қарастырғанда, белгілі бір тілге тән формаларды көне түркі ескерткіштері фактілерімен де, туыстас тілдер материалдарымен де салыстыру қажет. Ал қазіргі оқулықтарда *ішкері, сыртқары, ілгері, тысқары* сөздерін түбір мен қосымшаға бөліп қарамай, тұтас бір сөз ретінде қарастырады.

Қақпадан кірді *ішкері* қадам басып / Бір үйінен өрледі, бір үйге асып.

Тілдесерге еш адам жолықпады / Төрдегі үйге кірді есік ашып (Абай, 1961: 333).

Абай өлеңіндегі *ішкері* туынды тұлғасы Абай тілі сөздігі және басқа сөздіктерде жеке сөз ретінде түсіндіріледі. Негізі *ішкері* сөзінің құрамындағы *-қары-/кері* формалары көне түркілік барыс септіктің күрделі қосымшасы болған, қазір өнімсіз жұрнақ

ретінде, осындай кейбір сөз құрамында ғана сақталған. Мектеп немесе университет оқулықтарында олар жұрнақ ретінде ажыратылмаса да, этимологиялық зерттеулерде түбірі мен жұрнағы ажыратылып көрсетіледі.

Сөздіктерде осындай туынды атаулар жоғарыда айтқандай, жеке термин ретінде тіркелген, мысалы көне «-ешек» жұрнағымен жасалған: *берешек* «қарыз, бересі; қарыздар» сөзі түбір мен жұрнаққа бөлінбеген. Қазақ говорларында *Алажағым болса да, бережағым болмасын* мақалында айтылады. Бұлар *бер-* және *ал-* түбір етістігіне көне және өнімсіз «-ажақ/-ежек» қосымшасы жалғануы арқылы жасалған. *Қарыз* және *борыш* сөзімен бірге *берешек* төл сөзі қазіргі түркі тілдерінде кеңірек таралған: татар т. *бирәчәк* «берешек, қарыз». *Бай бирәчәген мал белән, ярлы тир белән түләр* «Бай берешегін малмен, жарлы термен төлер». Башқұрт т. *бирәсәк* «берешек, қарыз». *Байзың аласағы, ярлының бирәсәге күп* «Байдың алажағы, жарлының бережағы көп».

-*Ажақ* есімше жұрнағы әдеби тілде өнімді емес, қазақ тілінде *алажақ, бережақ, берешек* тұлғаларынан басқа *келешек, болашақ, көрешек* (көрешегін көрсетті), *бүгежек* «*жасқаншақ*» (бүгежек қақты «тонды; қорықты»), *кимешек, киім-кешек*, т.б. түбірі жеке ажыратыла бермейтін сөздерде сақталған. 1967 жылғы Қазақ тілінің грамматикасында *-ажақ/-ежек* формасы есімшенің қалдық формасы деп анықталған:

«Қазақ тілінде есімшелердің қалдық формалары да бар. Олар *-аған/-еген, -ажақ/-ежек* қосымшалары арқылы жасалады. *-ажақ* формасы оңтүстік облыстарда *алажақ, бережек* деген сөздерде ғана кездеседі. Бұл форма Батыс Қазақстанның көп жерлерінде осы шақ (ауыспалы осы шақ болу керек) мағынасында қазірдің өзінде жиі қолданылады: *Көлдің жағасында отыражақ*» (Балақаев, 1967: 180).

Диалектолог ғалым, Ш. Сарыбаев Қостанай облысында *-асы* қосымшасы орнына *-ашақ, -ешек* қолданылады деп жазады: *алашақ* – аласы, *берешек* – бересі. Ал Батыс облыстарда, Ақтөбе, Қызылорданың кейбір аудандарында *-жақ, -жек* формалары жұмсалады деп көрсетеді: *бережақ* – берешек, *айтажақ* – айтатын, *алажақ* – алашақ (Сарыбаев, 2018: 106).

Ғалым Тенишев *-ажақ* есімшесінің оғыз тіліне тән екенін жазып, қыпшақ және оғыз тілдерінде *-шақ* формасында сақталғанын алға тартады, мысалы: *мақтаншақ* (Тенишев, 1988: 465). Соған қарағанда қазақ тіліндегі *таусыншақ, ашуланшақ, тартыншақ, қызғаншақ, ұмытшақ, жасқаншақ* сөздеріндегі *-шақ* (кейде *-сақ* деп айтылады: *қайынсақ, берімсек, бауырсақ, келімсек, сұрамсақ, малсақ, сусақ*) осымен байланысты болса керек. Бұны Қазақ тілінің грамматикасында да ескертеді: «Бұл форма түрік, түрікмен, хакас, құмық, башқұр, татар тілдеріндегі есімшелердің өнімді формаларының бірі. Бірақ бұларды қазақ тілінде өнімді формалар қатарына жатқызуға болмайды. Бұл аффикстердің шығу тәркіні *-шақ/-шек* қосымшасы болуға тиіс» (Балақаев, 1967: 180).

Талданған *берешек* сөзінің синонимі әрі грамматикалық жағынан жасалуы бірдей бересі «берешек, қарыз» сөзі де бар. Ол көбіне *Бес бересі, алты аласы жоқ/алты аласы бес бересі жоқ* деген тұрақты тіркес құрамында айтылады:

Қазақтың қайсысының бар санасы? / Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.

Пысықтықтың белгісі – арыз беру / Жоқ тұрса *бес бересі, алты аласы* (Абай, 1961: 89).

Бересі/аласы сөздері *берешек/алажақ* секілді егістік түбіріне көне әрі қазіргі күні өнімсіз «-асы» жұрнағы жалғануы арқылы жасалған. Кейбір түркі тілдерінде бұл жұрнақ өнімді жұрнақ болғандықтан, олардың қосылуы арқылы жасалған *аласы, бересі* деген терминдердің түбірі ажыратылып талданады. Ал қазақ тілінде «-асы» қосымшасы тілде өнімді жұрнақ болмағандықтан, мектеп, тіпті университет бағдарламаларында *аласы, бересі* дегендер түбірі ажыратылмайтын жеке сөз ретінде беріледі, сөздіктерге де осы тұлғасында енгізіледі.

XX ғасыр басында алаш қайраткерлері ұсынған терминдердің арасында осы жұрнақ арқылы жасалған *бересілі* тұлғасы «должник», ал *аласылы* термині «кредитор» (Құрманбайұлы, 2014: 401) деп берілгені назар аудартады.

Құрамындағы «-асы» қосымшасы бар сөздер қазіргі қазақ тілінде жиі кездесе бермейді. Есімше қызметіндегі бұл жұрнақтың орнына әдеби тілде «-атын» формасы жұмсалады. «-асы» жұрнағы бар сөздер көбіне мақал-мәтелдер құрамында сақталған. Шығасы/кіресі: Шығасы шықпай, кіресі кірмейді. *Аласы/бересі*: Аласыға алтау аз, бересіге бесеу көп. *Туасы*: Туасы жаман туғанын жамандайды. *Көресі*: Көресіні көрмей көрге кірмейсің. Тұрақты тіркестерде: Көресіні көрсетті; Өлесі болды; Өлесі қылды/өлесідей сабады. Қос сөздерде: кіресілі-шығасылы. Тіпті күнделікті өмірде жиі ұшырасатын *келесі, тиесілі* деген сөздер құрамында да сол «-асы/-есі» көне есімшесі сақталып, осы күнге дейін жеткен.

Махмұт Қашқари XI ғасырдағы Диуани лұғатит түрк атты ескерткішінде «-асы»-ны оғыз тіліне тән форма деп жазады: *бу йа қурасы оғур тегүл* «садақ құратын уақыт емес»; *бу турасы йер тегүл* «бұл тұратын жер емес»; *бу тағқа ағасы уғур тегүл* «тауға шығатын кез емес»; *ол бизке келеси болды* «ол бізге келетін болды».

Ерте орта ғасырда жазылғандай, бұл жұрнақ оғыз тілдеріне тән. Шынымен де, қазіргі түрік, әзербайжан тілдерінде осы жұрнақ жаңа сөз тудыруға белсенді қатысады, сонымен бірге чуваш тілінде, тіпті қыпшақ тобына кіретін башқұрт және татар тілдерінде әлі де жұмсалатындығы айтылады (Тенишев, 1988: 248). Қазақ тілінде болса, өнімді жұрнақ санатына кірмей, жоғарыдағыдай кейбір мысалдарда сақталған.

Қазақ тілінде өнімсіз жұрнақтың бірі *аларман, берермен* секілді қолданыстар құрамында сақталған *-ман* немесе *-арман* көне қосымшалары ертерек кезеңде белсенді қолданылып, қазіргі күні ерте кезеңдерден бері қалыптасқан сөздер құрамында кездеседі:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман / Шошымын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып / Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.

I. Кеңесбаев *Аларманға алтау аз, Берерменге бесеу көп* мақалында сақталған *-ман* жұрнағын көне қосымша деп түйіндеген (Кеңесбаев, 1977: 604). М. Томанов көне *-ман* жұрнағының *аларман, шабарман* сияқты бірнеше сөздерде ғана сақталғанын айтады. Сонымен бірге бұрыннан қалыптасқан әрі түбірі ажыратылмайтын *атаман, кетпен, шекпен, батпан* атауларында да осы жұрнақ деп ескертеді (Томанов, 1988: 175). Севортян

-ман аффиксімен келген сөздерді шола келіп, бұл қосымшаның синкретикалық екенін айтады. Бұл топшылау осы аффикспен қалыптасқан сөздердің қазіргі тілде аздығы, екінші жағынан жаңа сөз жасау мүмкіндігінің жоқтығымен де расталады (Томанов, 1988: 176).

Көне түркі жазба мұраларында бұл қосымша -ман түрінде кездеседі. Қарахан дәуірі жазба жәдігерлерінде -ман жұрнағы етістіктен есім тудырады: *қур*- «құру», *қурман* «қорамсақ»; *сық*- «сығу», *сықман* «жүзім сығатын уақыт»; *сөк*- «сөгу», *сөкмен* «соғыста әскер шебін қақ жарған батырларға берілетін атақ» (Насименоғлу, 2008: 26).

Бізде -ман/-мен деп талданып жүрген жұрнақты негізінен -арман/-ермен форманты немесе құранды аффикс (бірнеше жұрнақтың жымдасуынан пайда болған қосымша) деп талдаған жөн сияқты. Өйткені қандай мысалды алсақ, -арман тұлғасында көрінеді, мәселен: *Көшермен* елге жұрт жаман, *кетермен* қызға үй жаман; *Аларманға* алтау аз, *берерменге* бесеу көп (мақал-мәтелдер). Сонымен, -арман қосымшасы – қазақ тілінде белсенді жұмсалмайды, бірен-саран сөздерде ғана сақталған өнімсіз жұрнақтардың бірі. Десек те көне жұрнақты жаңа сөз жасауда қайта қолданып, бүгінгі күні ол *көпермен*, *шабарман* сияқты жаңа сөздер құрамында да айтыла бастады. Мәселен, ХХ ғасыр басында жазылған «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» сөздігінде осы жұрнақ арқылы жасалған *шабарман* жаңа термині «вестовой, курьер, посыльный, гонец, ординарец» (Құрманбайұлы, 2014: 412) деп бірнеше сөзбен аударылған.

Қазақ тілінде -аған/-еген қосымшалы сөздер де сақталып, бірақ жұрнақтың өзі жаңа сөз тудыруға қатыспайды. Мұндайға мысал ретінде *кезеген* «кезбе, қаңғыбас» сөзін жатқызамыз:

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста / *Кезеген ит* тым-ақ көп біздің тұста.

Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген / Антұрғанға қосылма қапылыста (Абай, 1961: 225).

Абай қара сөзінде де қазіргі күні *кезгіштік* деп айтылатын форманың көне түрі *кезегендік* нұсқасы да қолданылған: Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, *кезегендікке* салына ма? (42-қара сөз). ХХ ғасыр басында Халел Досмұхамедұлы «Жануарлар» еңбегінде қолданыстағы *кезеген* сөзін термин ретінде пайдаланады да «блуждающий нерв» деген мағынадағы *кезеген неріб* қолданысын ұсынады, қазіргі күнге дейін бұл термин *кезеген жүйкесі* деп аталады.

Қазіргі қазақ тілінде бір нәрсеге бейім болу, тұрақты бір қылық, әдет қызметін үстеу қызметінде етістіктен сын есім тудыратын -қыш/-ғыш жұрнағы жиі қолданылады: *жұтқыш*, *кезгіш*, *жатқыш*, *кеткіш*, *айтқыш*, *тепкіш*, т.б. Бірақ ертеректе бұл функцияда -аған/-еген қосымшалардың қолданылғаны белгілі, мысалы: *жұтаған*, *кезеген*, *жатаған*, *кетеген*, *көреген*, *сүзеген*, *тебеген*, *қашаған және* т.б. Қазіргі тілімізде жұрнақтың бұл түрі өнімді болып саналмайды, бұлар көбіне жоғарыда айтылғандай, бұрыннан келе жатқан сөздерде ғана сақталған. Қазақ мақал-мәтелдерінде жоғарыдағы *кезеген* сөзі сияқты көне «-аған» жұрнағымен жасалған қалып сөздер кездеседі: *Кезеген аяқ боқ*

басар. Байлаулы ит үреген, байлаулы өгіз сүзеген. Есектің жүгі жеңіл болса *жатаған* болады. Көптің көзі *көреген*. *Кетеген* болса түйең жау, *тебеген* болса биен жау, т.б. Қазақ тілінің грамматикасында бұның есімшенің көнеленген түрі екені жазылған: «Қазақ тілінде есімшелердің қалдық формалары да бар. Олар *-аған/-еген* қосымшалары арқылы жасалады. Бұлар сан жағынан өте аз, санаулы ғана және қазіргі қалпында етістік системасынан шыққан, сын есім қызметінде қолданылады. Бұл есімшенің көнеленген түрі. Сонымен бірге олар болымсыздық мағынада қолданылмайды, яғни болымсыздық мағынаны олар етістіктерше синтетикалық жолмен білдірмейді. Беретін мағынасы – дүркіндік, анықталушының тұрақты қасиеті» (Балақаев, 1967: 180).

І. Кеңесбаев *-аған* қосымшасын көнерген деп санаған (Кеңесбаев, 1977: 603). А. Ысқақов *-аған* жұрнағын *-ған* есімшесінен бөлек қарастырады. Оны етістіктен сын есім тудыратын жұрнақ деп бөліп, өнімсіз жұрнақ деп анықтайды (Ысқақов, 1991: 188). М. Томанов *сүзеген, тебеген, көреген, қабаған* сияқты тұлғаларда сақталған *-аған* жұрнағының екі элементтен жасалғанын алға тартады: *-а* «көсемше»; *-ған* «есімше» және оны «*-ған*»-ның күрделі формасы деп қарастырады: «*-қан* аффиксі кейбір сын есімдер құрамында *-аған/-еген* түрінде күрделі де болып кездеседі: *сүзеген, тебеген, жатаған, көреген, қабаған*. Бұл тұлға құранды: көсемшелік тұлға «*-а/-е*» және «*-ған/-ген*» (Томанов, 1988: 188). Тенишев *-аған* формасындағы «*-а*»-ны күшейткіш және жиілік білдіретін морфема деп тұжырымдайды (Тенишев, 1988: 459). Серебренников бойынша *-аған* кейінгі дәуірлерде пайда болған есімше түрі және ол қазіргі түркі тілдерінен тек құмық, қарақалпақ, чуваш, хакас тілдерінде кездеседі (Серебренников, Гаджиева 1986: 197). Тенишев осы жұрнақтың құмықтарда, Дағыстан аймағына жақын Әзербайжан жағында және Анадолы түрік тілінің шығыс диалектілерінде қолданылатынын ескертеді (Тенишев, 1988: 459).

-аған қосымшасы түріктер тарапынан қолданылатыны жайында XI ғасырда Махмұт Қашқари айтқан болатын: «Түріктер «Ол үйіне әрдайым барады» деген мағынада *ол еуге бараған* ол дейді. Оғыздар мен қыпшақтар *баран ол* деп айтады. *Түріктердің ол ер қулына ураған* «ол кісі құлын күнде ұрады» дегенін бұлар (яғни оғыздар мен қыпшақтар) ол ер қулына уран дейді».

Есімшенің «*-мыш*» формасы деген негізгі тақырыбымызға келсек, етістікке жалғанатын «*-мыш*» тұлғасы – негізінен түркі тілдерінің оғыз тобына тән грамматикалық форма.

-мыш жұрнағының ең көне тұлғасы *-biš* түрі якут тілінде сақталған деп айтылады, кейінірек фонетикалық дамудың нәтижесінде ол сол тілде *-biš* (-быс), соңында *-biť* (-быт) болып ауысты (А. Дыбо, Н.З. Гаджиева, Б.А. Серебренников). Онда көне түркі тіліндегідей өткен шақ қызметінде жалғанады. Осылайша саха тіліндегі парадигмасы төмендегідей:

Жекеше т.

1-жақ. жек. көрбүппүн

2-жақ. жек. көрбүпкүң

3-жақ. жек. көрбүт

Көпше т.

көрбүппүт

көрбүккүт

көрбүттэр (Серебренников, Гаджиева, 1986: 184).

Көне түркі тілінде «-мыш» жұрнағы бұрынғы өткен шақ қызметін атқарған:

Üzä kök täjri asra ja'yiz jär qilintuqda äkin ara kiři oylı qilinmiş. Kiři oylinta üzä açüm aram bumın qağan istämi qağan *olurmiş*. Olurıpan türk bodunıñ ilin türüsün tuta birmiş iti birmiş «Когда вверху было сотворено голубое Небо, а внизу бурая Земля, между ними были сотворены сыны человеческие. Над сынами человеческими воссели мои предки Бумын-каган и Истеми-каган. Воссев, они поддерживали и устраивали племенной союз (государство) и установления тюркского народа» (Аманжолов, 2003: 155).

Ғалымдар атап өткендей, *-ды/di*; *-ты/ti* өткен шақ формасынан *-мыш* жұрнағының айырмашылығы ол тек өткен іс-әрекеттің фактісін анықтайды, ал айтушы болған оқиғаның орын алғанына куә болған жоқ немесе ол айтып жатқан кісінің саналы қатысуынсыз өтті я болмаса ол басқа адамның нақты айтқаны бойынша біліп жеткізеді (Кононов, 1980: 188).

Тарихи даму процесінде түркі тілдерінің көбінде *-мыш* формасы есімшелік тұлғаға айналады, ал оғыз тілдер тобында өткен шақ функциясын сақтап қалды. Алайда, уақытпен әрі тілдік даму нәтижесінде *мыш* формасы есімше және етістіктен есім тудырушы функциясына өтіп субстантивтенеді (Б.А. Серебренников, Н.З. Гаджиева, Э. Наджип, А.К. Керимов), бұл әсіресе орта ғасырлардағы жазба мұралар мен қазіргі түркі тілдерінде көрініс тапқан. Мәселен, XIII ғасыр мәтіндерінде зат есімге айналған осындай қолданыстар тіркелген: *олтурмыш* «тірлік», *өлмиш* «өлім», *сұрмиш* «қуғын», *қылмиш* «әрекет», *көрмиш* «өткен іс», *йемиш* «жидек, жеміс» (Наджип, 1979: 108).

Ал қазіргі қазақ тілінде есімшенің «-ған» жұрнағы өнімді екенін білеміз. Десек те, кейбір туынды сөздерде, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде әлі де жиі кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Қазақ тілінде бұл жұрнақ түрлі тұлғаларда сақталған, мәселен, *тарамыс*, *жасамыс*, *қартамыш* секілді сындық мағынаға ие болған бірнеше сөздер мен кейбір *Өтеміс*, *Төлеміс*, *Естеміс*, *Бектеміс* деп айтылатын есімдердің құрамында және көбінесе стильдік мақсатта пайдаланылатын *айтылмыш*, *аталмыш*, *айтыпты-мыс* тәрізді қолданыстарда кездеседі. Оның «-мыс» деген қазақ тіліне тән формасында да айтылуына қарағанда көрші тілдерден ауысқан тұлға емес көне түркі тілінің қазақ тіліндегі ізі деуге болады. Осы тұлғаның («ш» емес «с»-лы формасы, яғни «-мыс») сақталуы туралы мәселеге келгенде Қ. Жұбанов оны сырттан келді деп қарамай, қазақ жұртын құраған тайпалардың бағзы біреуі үшін төл формант болған болуы мүмкін деп топшылайды: «Қазақ тілінің қазіргі морфологиясында *-міс* тұлғалы қосымшаның болмауына қарап, *Төле-міс* секілді кісі аттарында келетін «-міс» қосымшасынан бас тарта алмаймыз. Оңтүстік түркі тілдерінде «міс» тұлғасында қолданылатын бұл жұрнақ, қазақ тіліндегі «-ген» қосымшасының синонимі бола тұрып, қазақ тілінің ең болмағанда өткендегі бір қабаттарында ұшырасқан болуы ықтимал» (Жұбанов, 1966: 55). Бұл деректі Қ. Жұбанов өзінің «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген мақаласында берген. Ал Есет Жұбановтың «Эпос тілінің өрнектері» кітабында осы тұжырымды қазақ тіліне аударып көрсеткен. Сондықтан оның «-мыш» және «-мыс» деген тұлғаларын жеке бөліп алып, «-мыш» формасының оғыз немесе қарлұқ тілдерінің

ықпалынан туған деп алсақ, «-мыс» формасының қазақ тіліне тән көнеден келе жатқан қолданыстар деп қарастырамыз.

Қазақ тілінде «-мыш» және оның басқа нұсқаларымен жасалған мысалдар аз емес, сөздіктерде тіркелгендерін ретімен осында көрсете аламыз: Аймышта «өрнектеу», айтылмыш «айтылған», аламыш «алабажақ», алдамыш «көз бояушы, өтірік», аталмыш «аталған», бірге тумыш «туысқан», естіміш «естігені көп», жазмыш «тағдыр», жазылмыш «жазылған», жаралмыш «жаратылыс», жаратылмышында «жаратылысында», жармыш «бөлініп алынған арық», жасамыш «біраз жасқа келген», жылымыштау «жылылау», жырмышта «жырмалау», көрміш «көп керген», қалмыш «қалдық», қармыш «қарымта»: қармышын қайтарды, қартамыш «кәрілеу, қартайған», құртамыш «құрт», озмыш «озу», оймыш «ойып түсірген ағаштың бедері», оймыш-өрнек «ою-өрнек», оймышты «бедерлі, оюлы», оқымыш «оқымысты», тарамышта «көп тарау», тумыш ат «арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан ат», тумыш «туған, тума», турамышта «уақтап турау», тырмышта «тігінен буу», шерміш «бойы аласа адам, т.б.

«-мыс» қазақ тіліне тән формасындағы мысалдар да тілде аз емес: айырмыш «айырмашылық», аумыш «әуез», болмыш «жаратылыс», бұйырмыш «бұйырғаны», еміс-еміс «болар-болмас», еміс-деміс «еміс-еміс», жармышы «жартысы», жаралмыш/жаратылмыш «жаратылыс», жасамыс «көпті көрген»; жас-жасамыс «жасы да, қарты да бар», жасамыстау «ересектеу», жеміс, көнбіс «шыдамды, төзімді», қартамыш/кәртеміс «кәрілеу»: қартамыш тартты «қартая бастады», қылмыш, оқымышты, тумысы бөлек «артық туған», тұрмыш, тарамыс, тарамысты «арық, жүдеу», тумысында «өз өмірінде», тумысынан «болмышынан», тұсамыс «тұсау», т.б. Оның ішінде тұрмыш, қылмыш, оқымышты, жеміс, болмыш, еміс дегендер қазақ тілінде жиі қолданылатын сөздер қатарына кіреді. Осының ішіндегі еміс деген форма – қазақ тіліндегі *екен* деген сөзбен байланысты. Өйткені «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырының бір нұсқасында ол сөз *еміс* түрінде кездеседі: Қозы Көрпеш бір байдың жалғызы еміс / Баян сұлу сіңлісі Айқыз еміс. Қозыке өлсе қайғырған Айқыз сұлу / Қозыкенің туысқан балдызы еміс (Жұбанов, 1978: 105).

Жалпы «-мыс» формасының ХХ ғасыр басында кездесіп қалатынын көреміз. Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» әңгімесінде қылмысымыздан деген қолданысының бүгінгі қылмыш деген зат есім мағынасында емес «қылғанымыздан» дегендей жұрнақ түрінде қолданылғанын аңғаруға болады:

Кұдай-ай!.. Не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен? - деді. Жылап жіберді.

Өтеміс, Тілеміс, Төлеміс, Тоқтамыш, Естеміс, Бектеміс аттарында да осы қосымша сақталған. Тіпті Алпамыс атауының шығу төркіні де осымен байланысты деп айтады. Жирмунский Алпамыс есімін түсіндіре келіп, оның Әбілғазы шежіресіндегі Момышектен Алып Момыш болып немесе алтай халқы ертегілерінде кездесетін Алып Манаш есімінен өзгеріп барып, етістіктен «-мыш» арқылы жасалатын Күнтуғмыш тәрізді кейініректегі жалқы есімдердің ізімен Алпы-мыш болып қалыптасуы ықтимал екенін айтады (Жұбанов, 1975: 116).

Алпыс, жетпіс деген сандар да *-мыш* жұрнағының дауыссыздар әсері негізінде *-пыс* болып өзгерген түрі болса да таңғалмаймыз. Өйткені бұлар кейбір түркі тілдерінде

-мыш тұлғасымен айтылады: алтымыш, алтмыш. Ал қазақ тілінде «т» дауыссызы басында «-мыш» формасын «пыс» қатаң нұсқасына айналдырып, соңында дыбыстың өзі түсіп қалып, алпыс болып өзгерген. Сексен, тоқсан дегендерде он (сегіз-он) сөзімен жасалған болса, бұлар да сондай саннан жасалу керек еді, бір жағынан, мысалы алтай тілінде бұлар тек он санымен жасалған: алтан, жетен, бежен, т.б.

Көне түркі жазба ескерткіштері мен кітаби тілде қолданылған, ал қазір оғыз тілдерінде өткен шақ және есімше қызметінде жұмсалатын «-мыш» жұрнағы Абай шығармаларында да жиі кездеседі. Мұны бір жағынан шағатай әдеби тілінің әсері десек, екінші жақтан көне түркі тілінің қазақ тіліндегі жалғасты ізі деп көруге болар еді. Абайда аталған есімше жұрнағы айтылмыш, жазылмыш түрлерінде яғни «ш»-лы нұсқада ұшырайды: Әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім (2-қара сөз).

Әрнешік білмек керек, жоғарғы жазылмыш екі түрліден басқа иман жоқ (13-қара сөз).

Бұл айтылмыш үш хасләттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хақимдер... Дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылмыштарды нақлия деп те атайды... Жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлан танымаққа керек... Бұл сөзіме нақлия дәлелім – жоғарыдағы жазылмыш аллатағаланың есімдері (38-қара сөз).

Яғни жоғарғы айтылмыш секілді адамшылықты шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек (43-қара сөз).

I. Кеңесбаев да Абай қара сөздеріндегі -мыш қолданысын кітаби тілдің элементіне жатқызады да, мысал ретінде айтылмыш формасын келтіреді: «По лексическому составу эти «беседы (қара сөздер)» несколько отличаются от стихотворных произведений. Здесь автор прибегает к архаическим книжнолитературным формам и выражением: айтылмыш: «Әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп...» (Кеңесбаев, 2008: 154).

Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп шығармаларында да аталған тұлғанын кездесетіні назарға аударуға тұрарлық. Әдеби тілде жоқ сайланмыш және жазымыш деген екі форманы қолданған. А. Тұрышев «Мәшһүр Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы» атты еңбегінде «мыш»-қа бір тарауша арнап, ақыннан мысалдар келтіреді: Сайланмыш ғалымды, білімді адамдары болсын; Жазымыштың сөгеміз бе еткен ісін? (Тұрышев, 2009: 15).

Абай шығармаларында оның қазақ тіліне тән «-мыс» деген нұсқасы да бар. Сондықтан «-мыш» деген «ш» тұлғасындағы жұрнақты кітаби тілдің элементі десек (өйткені түркі ескерткіштеріндегі «ш»-лар қазақ тілінде «с»-ға ауысады), «-мыс»-ты қалай кітаби элементке жатқызуға болады? Соңғы форма (-мыс) ортақ түркі жазба тілінде кездеспейді. «-мыс» формасы – тек қазақ тіліне тән нұсқа. Абайда да әдеби тілде мүлдем кездеспейтін қалмыс деген тұлғадағы сөз жұмсалған: ... Қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады (38-қара сөз). Ақын шығармаларында «-мыс» деген формасы бір-ақ рет жазылған. Осы «-мыс» түрін қазақтың жұрнағы деп айтуға толық негіз бар, біріншіден ол «с» дыбысты нұсқасында кездеседі, екіншіден

қазақ тілінде көне дәуірлерден бері келе жатқан көптеген сөздер «-мыш» формасында айтылады.

«мыш» жұрнағының түрік тілдерінің ілгергі дәуірінде өткен шақтық есімше жасайтын өнімді формасы болғанын тілдік фактілер растайды. Мысалы: Күлтегін ескерткішінде қаның қан йити йегирми ерин ташықмыш «әкем қаған ерлерімен жолға шыққан екен»; елсиремиш бодун «елсіреген ел», қағансырамыш бодун «қағансыраған жұрт» (Tekin, 1998: 104).

Дегенмен, Ғ. Айдаров «Язык Орхонских памятников» атты еңбегінің грамматикалық көрсеткішінде Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі бұл есімше түрімен 38 мысалды келтірсе, соның ішінде 10 мысалын ғана «-мыш» тұлғасында беріп, көбінің *мыс/міс* (қазақ тіліндегідей нұсқада) формасында болғанын дәлелдейді (Айдаров, 1971: 275).

«Диуани лұғатит түрк»-те *-мыш* түрінде жиі кездеседі, осында ескерткіштегі мақал-мәтелдерді ғана бердік: Билмиш йек билмедүк кишиден йег «Білетін жек (шайтан) білмейтін кісіден жақсы». Қадаш темиш қаймадық, қайын темиш қаймыш «Туыс дегенде қарамадық, қайын дегенде жалт қарадық». Қорқмыш кишиге қой башы қош қорунур «Қорыққан кісіге қой басы қос боп көрінер (Қорыққанға қос көрінер)». Тегирменде тоғмыш сывған көк көкрегіне қорқмас «Диірменде туған тышқан күн күркіреуінен қорықпас».

Қазіргі түркі тілдері ішінде оғыз тілдерінде (және саха тілінде) белсенді жұмсалғанмен, өзге топтарында ол көбіне «-ған» жұрнағымен ауыстырылады. Оғыз тілдерінен бөлек қыпшақ және қарлұқ тілдерінде «-мыш» өнімді жұрнақ емес, тек көнеден келе жатқан туынды сөздердің құрамында айтылады, мысалы өзбек тілінде турмуш «тұрмыс», өтмиш «өткен шақ», оқымишли «оқымысты», қылмиш «қылмыс». Қырым татар тілінде кечмиш «өткен кез», йемиш «жеміс», доғмуш «туған, туыс», турмуш «өмір», еміш-демиш «өсек», етмиш «қылмыс». Сонда кейбір түркі тілдерінде «-мыш» белсенді жұрнақ болып жұмсалса да, қазақ және өзге тілдерде ол бұрыннан жасалған, қазір бөлшектеуге келмейтін қолданыстарда сақталған. «-мыш» жұрнағы қыпшақ тобының ішінде көбіне татар тілінде ұшырасады: булмыш министр «болған министр», ачылканымыш ісім «анықталған есім», саналмыш предмет «саналған зат», күрмемішке салышу «көрмегендей болу». Соған қарағанда, қазақ тіліне бұл форма татар тілінің әсерімен де келді ме деген ой туады. Саха тілінде көне «мыш» жұрнағының *быт, бут, пит, мыт, мұт* деген нұсқаларында белсенді жұмсалады: Кини суруйбут кинигелерин билбеттер «Оның жазған кітаптарын білмеген екен». Жиебер келбитим ием иистене олороро «Үйге келгенімде шешем киім тоқып отырған еді». Мин төрөөбүт силим «Менің туған жылым». Түркі тілдеріндегі с/ш-лар саха тілінде «т»-ға айналатыны аян, сонда «мыш» жұрнағы бұл тілде «быт» болатыны аян.

Нәтижелер

Сонымен, «-мыш» есімше жұрнағы қазақ тілінде кейбір сөздердің құрамында сақталғаны болмаса көне түркі ескерткіштеріндегідей және оғыз тілдеріндегідей толық

грамматикалық категорияға ие емес. Түрік тілінде «-мыш» есімшесі өткен шақты да білдіріп, сөйлемишимдир (айтқанмын) мысалындағыдай оған жұрнақ қосыла береді. Түрік тілінде деп айтатын себебіміз, өткен шақты білдірудің актив формасы бүкіл оғыз тілдерінде кең таралмаған, көне түркі мәтіндерінде көрініс тапқан бұрынғы өткен шақ функциясы әсіресе Анадолы түрік тілінде сақталған. Сонда аталған грамматикалық форма – көне ескерткіштер мен және қазіргі түрік тілінде бұрынғы өткен шақ және есімшені білдіретін өнімді жұрнақ. Ал біздің тілімізде ол қосымша өнімді жұрнақтар қатарына қосылмайды. Қазіргі қазақ тілінде тура сол мағына болмаса да, оған жақын, яғни істің «айтыпты-мыс» дегендей жорамал білдіру функциясында қолданылады бірақ тура бұрынғы өткен шақ мағынасын білдірмейді әрі түбірдің өзіне тікелей жалғанбайды. Мысалы, түрік тілінде *йазмыш* деп «-мыш» бірден түбірге қосылса, қазақ тілінде *жаз-мыс* сияқты тура түбірге жалғанбай, *жаз-ып-ты-мыс* дегендей қыпшақ тілдерінде белгісіздікті білдіретін актив форма «-ыпты» күрделі қосымшасы жалғанғаннан кейін, ол мағынаны үстеу үшін үстінен тағы «-мыс» қосылады. Орта ғасырдан бастап өткен шақ қызметі бірте-бірте азайып, соңында тіпті етістіктен есім тудырушы қызметінде қолданыла бастады. Қыпшақ және қарлұқ тілдерінде тұрмыс, жазмыш, болмыс, жеміс, қылмыс сияқты қолданыстар бізше жаңа сөздер емес, орта ғасырлардан бері пайда болып, тілдерімізге осы күнге дейін жеткен сөздер деп білеміз, тек әр тілде форма жағынан ауыспаса да мағынан тұрғыдан өзгерген. «-мыш» формасын қазақ ғалымдары ортақ қорытынды ретінде оның қазақ әдеби тіліне тән емес, көне түркі тіліне, оғыз тілдеріне немесе кітаби тілге жататындығы тұжырымдалса да, оның «с» дауыссыз тұлғасындағы «-мыс» нұсқасын шағатай тілінің элементі емес, көне түркі дәуірінен қазақ тіліне жеткен көне элемент деп нәтижелейміз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, XIX-XX ғасыр басында қазақ баспасөзінде, ресми жазбаларда және Абай, кейде Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп шығармаларында қолданылған, қазіргі күні кейбір қалып сөздерде сақталған *-мыш* аффиксті тұлға шағатай әдеби тілінен немесе кітаби тілден қалған форма болуы да ғажап емес. Өйткені шағатай жазба мұраларында *-мыш* жұрнағы есімше қызметінде жиі қолданылған. «-мыш» жұрнағының шағатай әдеби тілінен келгенін ол жұрнақтың Абай шығармалары мен сол кезеңдегі жазбаларда «ш» дыбысты нұсқада жұмсалғанынан көреміз. Көне түркі тіліндегі «ш» дауыссыздарының қазақ тілінде «с» дыбысына ауысатынын ескерсек, оның «с» дыбысына өзгермей қолданылуы «ш»-лы нұсқаның түркі тілдеріндегі туыс тілдерден ауысқан кірме элемент екендігін көрсетеді. Келтірген мысалдардың көбі ортақ әдеби тілдің элементтері басым «Китабу тасдиқ» шығармасында, яғни 38-қара сөзінде кездесетінін ескерсек те «-мыш» тұлғасын төл форма деп айтуға себеп бола алмайды. Кітаби тілдің элементі дегенге екінші бір себеп, Абай қолданған айтылмыш, жазылмыш (қолжазбада тіпті йазылмыш деп тіркелген) тұлғалары қазақ тілінде жұмсала бермейді. Қазіргі күні тек аталмыш,

айтылған, жоғарыда айтылған, жазылған түрінде кездеседі. Сонымен қатар, тілші ғалымдардың пікірі де бір арнада тоғысады, яғни олар «-мыш»-ты оғыз тілдерінен кірме элемент деп есептейді. Абайда «с» нұсқасында бір рет қана қолданылған қалмыс (қалған) сөзі және қазақ тілінде оның «с» формасында айтылып жүрген нұсқаларына келсек, мысалы айтыпты-мыс, көріпті-міс, оқымысты, жеміс, тұрмыс, Өтеміс т.б. мұндағы «-мыс» нұсқасы көне түркі дәуірінен қазіргі қазақ тіліне дейін жеткен, тілімізге тән төл жұрнақ деп қабылдаймыз. Сонда «-мыш» есімше жұрнағының «-мыс» тұлғасын кітаби тілден өтті деп қарамай, көне түркі тілінен келе жатқан, қазақ елін құраған тайпаларға тән төл формант болды деп топшылауға болады.

Әдебиет

Айдаров Ғ., 1971. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алматы: Наука. 380 с.

Аманжолов А.С., 2003. История и теория древнетюркского письма. Алматы: Мектеп. 368 с.

Әбілқасымов Б., 1982. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым. 224 б.

Бишишев А., Агишев И., Ураксин З., Зейнуллина Г., 1993. Башқорт Теленең һөзлеге. Мәскәу: Русский язык. 865 с.

Дмитриев Н., 1962. К вопросу о значении османской глагольной формы на -мыш. Строй тюркских языков. Москва: Восточные литературы. С. 181-186.

Жұбанов Қ., 1966. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым. 362 с.

Жұбанов Е., 1975. Кейбір грамматикалық тұлғалардың халық поэзиясындағы қолданыс ерекшеліктері. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Алматы: Ғылым. Б. 113-124.

Кеңесбаев І., 1977. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым. 711 б.

Кеңесбаев І., 2008. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Арыс. 640 б.

Кононов А., 1939. Турецкая глагольная форма на мыш. Уч. зап. ЛГУ № 20. Серия филологических наук. С. 34-49.

Кононов А., 1980. Грамматика языка тюркских рунических письменных памятников VII–IX вв. Ленинград: Наука. 255 с.

Қордабаев Т., Балақаев М., Хасенова А., Ысқақов А., 1967. Қазақ тілінің грамматикасы I Морфология. Алматы: Ғылым. 264 б.

Құнанбаев А., 1961. Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 696 б.

Құрманбайұлы Ш., 2014. Қазақ терминологиясы. Алматы: Сардар. 952 б.

Наджип Э., 1989. Исследования по истории тюркских языков, XI–XIV вв. Москва: Гл. ред. вост. лит. 474 с.

Сарыбаев Ш., 2018. Тіл-ғұмыр, ғылыми мақалалар жинағы. Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. 308 б.

Сауранбаев Н., 1955. Диалекты в современном казахском языке. Вопросы языкознания, 5. С. 43-51.

- Серебренников Б., Гаджиева Н., 1986. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Издание 2-е исправленное и дополненное. Москва: Наука. 301 с.
- Сыздықова Р., 1968. Абай шығармаларының тілі. Алматы: Ғылым. 383 б.
- Сыздықова Р., 2014. Сөздер сөйлейді. Алматы: Ел-шежіре. 413 б.
- Тенишев Э., 1988. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. Москва: Наука. 414 б.
- Томанов М., 1988. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп. 265 б.
- Тұрышев А., 2009. Мәшһүр Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы. Павлодар: Кереку. 74 б.
- Ысқақов А., 1991. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Ана тілі. 191 б.
- Ercilasun A., Akkoyunlu Z., 2015. *Dîvânu Lugâti't-Türk*. Ankara: TDK Yayınları. 995 s.
- Насіменов Н., 2008. *Karahanlı Türkçesi Grameri*. Ankara: TDK Yayınları. 214 s.
- Kurmanbaiuly S., Adilov M., İbragimov Z., 2022. Kazakça ağızlar sözlüğünde kayıtlı bazı eskicil sözcükler üzerine. *Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-BELLETEN*, 73. S. 151-190. <https://doi.org/10.32925/tday.2022.78>
- Kurmanbaiuly S., Adilov M., 2023. Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi'nin Dilindeki Türk Lehçeleri Arası Dilsel Özellikler. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 105. S. 313-333. <https://doi.org/10.34189/hbv.105.015>
- Muhammed R., 2022. Et-Tuhfetü'z-Zekiyye Fil-Lûgati't-Türkiyye'nin sözlükçülük anlayışı hakkında bir inceleme. *Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-BELLETEN*, 73. S. 7-20. <https://doi.org/10.32925/tday.2022.73>
- Tekin T., 1998. *Orhon Yazıtları*. İstanbul: Simurg. 129 s.

Reference

- Abilkasymov B., 1982. XIX gasyrdyn ekinshi zhartysyndagy Kazak adebi tili [Kazakh literary language in the second half of the XIX century]. Almaty: Gylym. 224 p. [in Kazakh].
- Aidarov G., 1971. Yazyk Orhonskih pamyatnikov drevnetyurkskoi pis'mennonsti VIII veka. [The language of the Orkhon monuments of the ancient Turkic script of the VIII century]. Almaty: Nauka. 380 p. [in Russian].
- Amanzholov A., 2003. Istoriya i teoriya drevnetyurkskogo pis'ma [The history and theory of ancient Turkic writing]. Almaty: Mektep. 368 p. [in Russian].
- Bashkort telenen hozlege, 1993. [Dictionary of the Bashkir language]. Moscow: Ruskiy yazyk. 865 p. [in Bashkir].
- Dmitriyev N., 1962. K voprosu o znazheniy osmanskoi glagol'noi formy -mysh [On the question of the meaning of the Ottoman verb form -mysh]. Stroi tyurkskih yazykov [The structure of the Turkic languages]. Moscow: Vostochnye literatury. P. 181-186. [in Russian].
- Zhubanov K., 1966. Kazak Tili zhonindegi zertteuler. [Research on the Kazakh language]. Almaty: Gylym. 362 p. [in Kazakh].
- Zhubanov E., 1975. Keybir grammatikalik tulgalardyn halyk poeziyasyndagy koldanys erekshelikteri [Features of the use of some grammatical forms in folk poetry]. Kazak tili boyinsha zertteuler [Research on the grammar of the Kazakh language]. Almaty: Gylym. P. 113-124. [in Kazakh].

Kordabayev T., Balakayev M., 1967. Kazak tilinin grammatikasy Morfologiya [Grammar of the Kazakh language Morphologi]. Almaty: Gylym. 264 p. [in Kazakh].

Kenesbayev I., 1977. Kazak tilinin frazeologiyalyk sozdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym. 711 p. [in Kazakh].

Kenesbayev I., 2008. Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Arys. 640 p. [in Kazakh].

Kononov A., 1939. Turetskaya glagol'naya forma na -mysh [The Turkish verb form «-mysh»]. Uchebnye zapisi LGU [Educational notes of the Leningrad State University]. №20, Seriya Filologiya. P. 34-49. [in Russian].

Kononov A., 1980. Grammatika iazyka tyurkskih runicheskikh pismennykh pamyatnikov VII-IX vv. [Grammar of the language of Turkic Runic written monuments of the VII–IX centuries]. Leningrad: Nauka. 255 p. [in Russian].

Kunanbayev A., 1961. Abai shygarmalarynyn bir tomdyk tolyk zhinagy [A complete one-volume collection of Abai's works]. Almaty: Korkem adebiyet. 696 p. [in Kazakh].

Kurmanbaiuly Sh., 2014. Kazak terminologiasy [Kazakh terminology]. Almaty: Sardar. 952 p. [in Kazakh].

Kurmanbaiuly S., Adilov M., İbragimov Z., 2022. Kazakça ağızlar sözlüğünde kayıtlı bazı eskicil sözcükler üzerine [About some archaisms that are preserved in the dialects of the Kazakh language]. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-BELLETEN, 73. P. 151-190. <https://doi.org/10.32925/tday.2022.78> [in Turkish].

Kurmanbaiuly S., Adilov M., 2023. Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi'nin Dilindeki Türk Lehçeleri Arası Dilsel Özellikler [Linguistic Features Between Turkic Languages in the Works of Abay, Yunus Emre and Ahmad Al-Yasawi]. Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, 105. P. 313-333. <https://doi.org/10.34189/hbv.105.015> [in Turkish].

Muhammed R., 2022. Et-Tuhfetü'z-Zekiyye Fil-Lûgati't-Türkiyye'nin sözlükçülük anlayışı hakkında bir inceleme [A review of Et-Tuhfetü'z-Zekiyye Fil-Lûgati't-Türkiyye's understanding of lexicography]. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-BELLETEN, 73. P. 7-20. <https://doi.org/10.32925/tday.2022.73> [in Turkish].

Nadzhip E., 1989. Issledovaniya po istorii tyurkskih iazykov [Research on the history of the Turkic languages]. Moskva: Nauka. 474 p. [in Russian].

Sarybayev Sh., 2018. Til-gumyr [Language Life]. Almaty: Til bilimi instituty. 308 p. [in Kazakh].

Sauranbayev N., 1955., Diyalekty v sovremennom Kazakhskom yazyke [Dialects in the modern Kazakh language]. Voprosy yazykoznaniya [Questions of linguistics], 5. P. 43-51. [in Russian].

Serebrennikov B., Gadzhiyeva N., 1986. Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika tyurkskih yazykov [Comparative historical grammar of the Turkic languages]. Moskva: Nauka. 301 p. [in Russian].

Syzdykova R., 1968. Abai shygarmalarynyn tili [The language of Abai's works]. Almaty: Gylym. 383 p. [in Kazakh].

Syzdykova R., 2014. Sozder soyleydi [Words speak]. Almaty: El-Shezhire. 413 p. [in Kazakh].

Tenishev E., 1988. Sravnitek'no-istoricheskaya grammatika tyurkskih yazykov. [Comparative historical grammar of the Turkic languages]. Moscow: Nauka. 414 p. [in Russian].

Tomanov M., 1988. Kazak tilinin grammatikasy. [Historical grammar of the Kazakh language]. Almaty: Mektep. 265 p. [in Kazakh].

Turyshev A., 2009. Mashhur Zhusip shaygarmalary tilinin adebi tilge katysy. [Relation of the language of Mashhur Zhusip's works to the literary language]. Pavlodar: Kereku. 74 p. [in Kazakh].

Yskakov A., 1991. Kazirgi Kazak tili. [Modern Kazakh language]. Almaty: Ana tili. 192 p. [in Kazakh].

Ercilasun A., Akkoyunlu Z., 2015. Dîvânu Lugâti't-Türk. Ankara: TDK Yayınları. 995 p. [in Turkish].

Hacımenoğlu N., 2008. Karahanlı Türkçesi Grameri [Karahan Period Grammar]. Ankara: TDK Yayınları. 214 p. [in Turkish].

Tekin T., 1998. Orhon Yazıtları [Orkhon Inscriptions]. İstanbul: Simurg. 129 p. [in Turkish].

M.A. Adilov

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

(E-mail: marlen_erlanuly@mail.ru)

Ancient Turkic participle affixes preserved in the active vocabulary of the Kazakh language

Abstract. In the modern Kazakh language, there are morphological forms that deviate from the established grammatical norms of the Kazakh language. These forms are characteristic of the ancient Turkic language and some other Turkic languages. They include the participial forms na ‘-asy, -agan, -azhak, -arman, -mysh’. The author examines the historical usage of these formative affixes, and in some cases their lexicalisation in Turkic languages, to elucidate the evolution of the form and semantics of the affix ‘-mysh’. The form in ‘-mysh’ is derived from the ancient proto-form ‘-bis’, ‘-bit’. In the ancient Turkic language, the form in ‘-mysh’ expresses the meaning of the non-obvious past tense and is actively used in runic texts and in monuments of the early Middle Ages. In the process of historical development, the affix “-mïš” is substantivized, acquiring the meanings of the participle and the verbal name in texts of the late Middle Ages and modern times. This process is reflected in the Kipchak languages. In the Oghuz languages, the grammatical meaning of the form has been preserved, and the affix remains a productive morphological form. “-Mysh/mys” in the Kazakh language, being substantivized, becomes a word-formation affix of nouns: “turmys, kylmys, zhemis”.

Keywords: Turkic languages, texts of monuments, participle affixes -asy/-esi, -ashak/-ezhek, -egen/agan, lexicalization, formative affix -mysh, unproductive affixes in Kipchak languages, substantiation.

М.Е. АДИЛОВ

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: marlen_erlanuly@mail.ru)*

Древнетюркские аффиксы причастий, сохранившиеся в активной лексике казахского языка

Аннотация. В современном казахском языке встречаются морфологические формы, не характерные для грамматических норм казахского языка, но характерные для древнетюркского языка и некоторых других тюркских языков, к числу которых относятся причастные формы на -асы, -аган, -ажак, -арман, -мыш. Отмечая историю употребления этих формообразующих аффиксов, а в некоторых случаях их лексикализацию в тюркских языках, автор раскрывает историю развития формы и семантики аффикса -мыш. Форма на -мыш восходит к древней праформе -bīs (-быс), -bīt (-быт), последняя сохранилась в якутском языке. В древнетюркском языке форма на -мыш выражает значение неочевидного прошедшего времени и активно используется в рунических текстах и в памятниках раннего средневековья. В процессе исторического развития аффикс -mīš субстантивизируется, приобретая значения причастия и отглагольного имени в текстах позднего средневековья и нового времени. Этот процесс нашел отражение в кыпчакских языках, в частности, в казахском языке. В огузских языках грамматическое значение формы сохранилось, и аффикс остается продуктивной морфологической формой. В казахском языке аффикс непродуктивен, хотя встречается в составе вышедших из употребления слов, таких, как жазмыш, аталмыш, озмыш и т.д. Более того, -мыш/міс в казахском языке, субстантивируясь, становится словообразовательным аффиксом существительных: тұрмыс, қылмыс, жеміс и т.п. Вместе с тем, в некоторых отглагольных словах сохраняется значение неочевидности: айтыпты-мыс, барыпты-мыс, көріпті-міс.

Ключевые слова: тюркские языки, тексты памятников, аффиксы причастия -асы/-есі, -ашак/-ежек, -еген/-аған, лексикализация, формообразующий аффикс -мыш, непродуктивные аффиксы в кыпчакских языках, субстантивация.

Автор туралы мәлімет:

Әділов Марлен Ерланұлы, PhD, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының бас ғылыми қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ., 13, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Information about author:

Marlen Adilov, PhD, Chief Researcher, Nemat Kelimbetov Turkological Center, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Аділов Марлен Ерланович, PhD, главный научный сотрудник Тюркологического центра им. Немата Келимбетова, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, просп. Достык, 13, Алматы, Республика Казахстан.